

Аудандық қоғамдық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №5

«29» қыркүйек 2023 жыл

Хромтау қаласы

Өткізу орны: Хромтау ауданы әкімдігінің мәжіліс залы

Өткізу күні: 29 қыркүйек 2023 жыл

Өткізу уақыты 11:00

Төрағалық еткен: аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Б.Ашабаев

Б.Ашабаев- қоғамдық кеңестің төрағасы жиналысты ашып, күн тәртібімен таныстырды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 қарашадағы «Қоғамлық кеңестер туралы» Заңының негізінде, күн тәртібінде «Аудан әкімдігінің жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстары туралы есебі» тыңдалады.

Қатысқандар: аудандық мәслихатының төрағасы Болатов Эльмұрат Болатұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы Нұрсұлтан Исенбайұлы, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Алипбаев, аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері, аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, заңдылық және құқықтық тәртіп бойынша тұрақты комиссия мүшелері, аудан әкімінің орынбасары және бірқатар мемлекеттік мекеме басшылары.

Күн тәртібі:

1. Аудан әкімдігінің жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстары туралы есебі.

Сөз сөйледі: аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру –құқықтық құрылымдық бөлімшесінің бас маманы – заңгер- К.Қ.Битановтың аудан бойынша жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстары туралы есебі **ТЫҢДАЛДЫ** (баяндама қоса тігіледі).

Төраға сөз сөйлеушілерге кезек берді.

Сөз сөйледі: әлеуметтік сала бойынша комиссия төрағасы Сатаев Каким Сұлтанұлы. Ауданымызда қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық фактілері анықталып тіркеліп жатқан жоқ. Алдағы уақытта сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында жұмыстар дәл осы қалыпта жүргізілсе деген өз ойын жеткізді. Баяндамашыға өз рахметін айтты.

Төраға, бүгінгі отырыс барысында көтерілген, атап айтқанда, азық-түлік бағасының және дәріханалардағы дәр-дәрмек бағасының өсуі, қалааралық жолаушылар тасымалдайтын автобустардың хал-жағдайы және оның уақытылы жүруі, жалпы аудан орталығындағы жолдар құрылысының

сапасы және инфрақұрылым, балалар үшін қолайлы, қауіпсіз ойын және қауіпсіз спорт алаңдарының құрылыстары, экологиялық жағдай т.б., сұрақтардың жоспарға енгізіліп, алдағы уақытта құзырлы мемлекеттік мекемелердің қатысуларымен қаралатынын баян етті. Комиссия мүшелері, қоғамдық кеңес мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдап, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 қарашадағы «Қоғамлық кеңестер туралы» Заңының 23 бабы 3 тармағының негізінде, қарар ҚАБЫЛДАДЫ.

Б.Ашабаев, осы отырыстың жүргізілуі, мәселенің қаралуы бойынша кімде қандай сұрақ, ұсыныс, ескертпелер бар-жоғын сұрады? Ұсынымдар мен ескертпелер толық қамтылып, тиісті қарар қабылданды. Кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Б.Ашабаев

Қоғамдық кеңестің хатшысы



Г.Нурмаханова